

А.Ж. Әбдіжәми\*

«Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан  
(E-mail: aity81@mail.ru, Scopus Author ID: 57201686627)

## Бостандығынан айыру жазасына сотталғандардың еңбегі: негіздемесі мен теориялық мәселелері

Бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқаруға байланысты мәселелер ғылыми-теориялық тұрғыда зерттеулерді үнемі жүргізуді қажет етеді. Себебі, бас бостандығынан айыру түріндегі жаза әлемдегі көптеген елдердің заңдарында жаза түрі ретінде белгіленген. Бұл жазаны атқару барысында сотталған адамдарды еңбекке тарту тәжірибесіне назар аудару керек. Осы орайда сотталғандардың еңбегі құқық па әлде міндет пе деген мәселе көптеген зерттеулер жүргізудің қайнар көзі болып жүр. Бұл мәселеге жауап табуға мақала авторы да талпынып, мәселенің шешімін сотталғандардың еңбегінің негізгі белгілерін ажыратудың маңыздылығына тоқталған. Аталған белгілер көмегімен сотталғандар еңбегін азаматтардың еңбегіне барынша жақындастыруға мүмкіндік алуға болады. Мекемелерде жазаларды орындау кезінде игеретін мамандықтар тек әлеуметтік пайдалы жұмыс ғана емес, сонымен қатар жазаны өтеу мерзімі аяқталғаннан кейін де пайдалы болуы тиіс. Тарихи салыстырмалылық әдістер көмегімен сотталғандар еңбегін қинау, қанау, құл еңбегі секілді категориялардан алшақтатудың жолдары ретінде қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандарды ұстаудың төменгі халықаралық стандарттары талаптарына жақындастыру бағытында елімізде жүргізіліп жатқан қылмыстық атқару жүйесін модернизациялаудың тиімділігі жайлы материалдар зерделенген. Бұл орайда мекеме әкімшіліктерінің өндірістік-шаруашылық кәсіпорындардың жұмысын жандандыру бойынша жұмыстары сотталғандар еңбегін бостандықтағылар еңбегіне барынша жақындастырудың кепілдемесі болуы тиіс. Қорытындыда бостандығынан айыруға сотталғандардың еңбегінің негізгі белгілері сотталғандардың еңбегін қылмыстық атқару құқығының императивтік нормасы бола отырып, мемлекеттік-жеке серіктестік аясында еңбек түрлерін таңдау тұрғысынан құқық ретінде қарауға мүмкіндік береді.

*Кілт сөздер:* қылмыстық құқық, қылмыстық атқару құқығы, жаза, жаза жүйесі, бостандығынан айыру, бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқару, сотталғандар, еңбекті құқықтық реттеу, сотталғандардың еңбегі.

### *Kipicne*

Қазіргі кезде бостандығынан айыру түріндегі жаза — әлемдегі ең көп қолданылатын жазаның түрі болып қалып отыр. Бостандығынан айыру жазаны жекелендіруге мол мүмкіндіктер береді: сотталушының жеке басын ескеріп, оның жасаған әрекетіне сай келетін түзету әрекетін қолдануға мүмкіндік беретін мерзімі, қоғамнан оқшау ұстау режимі және сотталушыға әсер ету сипаты әр түрлі болуы мүмкін [1].

*Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің (2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ) 7-бабында сотталғандарды түзеуде қолданылатын негізгі құралдардың қатарында жазаны өтеу режимі; тәрбиелік ықпал ету; жағымды әлеуметтік байланыстарды сақтап тұрумен қатар қоғамға пайдалы еңбектің көрсетілуі тегін емес.*

Сотталғанның құқықтары қатарында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес қауіпсіз еңбек жағдайлары, демалуға, демалысқа, сондай-ақ еңбегіне сай ақы алуға құқығы бар деп белгіленсе, міндеттері қатарында еңбек пен оқуға адал қарауы тиістігі белгіленген. Қолданыстағы «Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларының» 2-тарауында «Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды мекемелерге қабылдау тәртібі» барысында «Қызметкерлерді үстеме жұмыстарға тарту Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырылады» деп көрсетілген. Демек, сотталғандарды түзеу құралы ретінде оларды еңбекке тарту мекемеге қабылдаған уақыттан басталады деуге негіз бар. Еңбек етуге тартумен қатар, үстеме еңбекке тарту жағдайларына да нормативтік актілерде жол беріледі.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: aity81@mail.ru

Сотталушының мінез-құлық дәрежесін айқындағанда мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларын сақтауы; мекемедегі тәрбиелік іс-шараларға қатысу белсенділігі; сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталған түрлі бағдарламаларға араласуы; қылмыстық құқық бұзудан келтірген зиянының орнын толтыру бойынша шараларға қатысуы секілді сипаттарымен қатар, сотталушының еңбек пен оқуға деген қатынасы ескеріледі. Жоғарыда аталған сотталғанның мінез-құлқын сипаттайтын мәліметтер мекеме комиссиясының ұсынымы негізінде мекеме бастығының қаулысында бекітіледі.

Бостандығынан айыруға сотталғандарды еңбекке тарту құқық болғанмен, оның мінез-құлқын мекеме әкімшілігі қызметкерлерінен құрылған комиссия ұсынатындықтан, сотталғандардың еңбегі императивтік нормадан шығып тұр. Еңбек етуге заңда көзделген шектеулерді қоспағанда сотталғандар еңбек етуі тиіс.

*Мақаланың ғылыми зерттеу мақсаты* — тақырыпқа қатысты ғылыми дереккөздерді, заңнамалық актілер мен өзге де материалдардың негізінде бостандығынан айыруға, сотталғандардың еңбегінің белгілерін ажырату және құқықтық тұрғыда сотталғандар еңбегінің оларды түзеудегі рөлін ашып көрсете отырып, бостандығынан айыруға сотталғандар еңбегінің негізгі белгілерін анықтау. Қазақстан Республикасы мен кейбір шет елдердегі сотталғандар еңбегіне зерделеу жүргізу нәтижесінде бұрынғы және қазіргі заманғы проблемаларына талдауды жүзеге асыру.

#### *Әдістер мен материалдар*

Мақала арқауы болған мәселені терең зерттеу үшін Қазақстан Республикасы мен кейбір шет елдердің сотталғандар еңбегіне қатысты ғылыми қайнар көздері мен заңнамалары, тәжірибелік материалдары зерделеніп, талданды.

Зерттеудің теориялық деңгейінде мына әдістер: жинақтау, талдау және синтез, ғылыми жалпылау, формальды-логикалық, арнайы-құқықтық әдістер кешені қолданылды. Әлем елдеріндегі сотталғандар еңбегінің ерекшеліктері мен перспективалық сұрақтары тарихи-құқықтық тұрғыда сараланды. Сондай-ақ сотталғандарға қатысты ақпараттың шынайылығын қамсыздандыру мақсатында құқықтық-статистикалық әдіс, құжаттарды зерттеу әдісі, салыстырмалы құқықтану әдістері қолданылды.

#### *Талқылау*

Тарих беттері де түрме халқының еңбекке тартылуынан сыр шертеді. Ол жайлы мақала ғана емес, том-том кітаптар жазылды, жазылады да.

Болашақ заңгерлерге оқытылатын бүгіндегі қылмыстық атқару құқығы саласы Кеңес Одағы құрамында болған кезде еңбекпен түзеу құқығы пәні болып оқытылғаны да белгілі. Еңбек арқылы түзеу сотталғанды түзеудің бірден бір жолы болғаны да рас.

Сотталғандарды еңбекке мәжбүрлеп тартудың болуы немесе болмауы бостандығынан айыру жазасының әр түрін өзара ажыратуға негіз болады. Аргентина, Венесуэла және Гватемала, сондай-ақ Уругвай елдерінде жазаның белгілі бір түрлері еңбекке мәжбүрлеп тартуға байланысты ажыратылады. Алғашқы 3 мемлекетте мәжбүрлі еңбекке байланысты бас бостандығынан айыру («reclusion», «presidio») және түрмеге жабудың («prision») арасында айырмашылық бар. Уругвайда ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру (2 жылдан 30 жылға дейін, «penitenciaria») жұмысқа тартумен байланысты, бірақ қысқа мерзімді («prision») бостандығынан айыруда еңбекке тартылмайды.

Бұл ерекшеліктер шын мәнінде объективті түрде алғанда қазірдің өзінде сотталғандардың еңбегі мен еркін азаматтардың еңбегінің арасында толық сәйкестік жоқ екенінен де көрінеді.

Дегенмен сотталғандар тарапынан мәжбүрлі еңбек әр түрлі қабылданатыны белгілі: біреулер оны пайдалы десе, біреулердің қатынасы теріс болып, еңбек етуді қинала қабылдап, мәжбүрлеу деп қабылдауы мүмкін. Бұған бостандықтағылар (еркін азаматтар) мен қоғамнан оқшауланғандардың еңбегінің арасындағы айырмашылық та белгілі бір дәрежеде әсер етуі мүмкін.

Қазіргі уақытта сотталғандарды еңбекке тарту негізінен жазалау шарасы ретінде емес, әр түрлі артықшылықтар мен кепілдіктер беретін, сотталғандарды түзеуге және әлеуметтік жағынан оңалтуға бағытталған түзеу мекемелерінің ішкі тәртіптемесінің, режимінің жағымды ықпал ететін элементі ретінде қарастырылатынын айтуымыз қажет.

Халықаралық құқықтық актілерде, атап айтқанда Мандела ережелерінің 96-бабында «түрмеге сотталғандар жұмыс істеуге және / немесе өзін ақтауы үшін өзі жарамды салада (мысалы дәрігер,

ұстаздық т.б.) пайдалы еңбек атқаруына мүмкіндігі болуы тиіс. Сотталғандар қалыпты еңбек жағдайымен қамтамасыз етілуі тиіс» деп көрсетілген [2].

Сотталғандарды еңбек етуге міндетті түрде тарту әлемдегі бірқатар елдердің заңнамасында қарастырылған. Халықаралық құжаттарда да сотталғандарды жұмысқа тартуға тыйым салынбаған. Атап айтқанда, Халықаралық еңбек ұйымының Мәжбүрлі еңбек туралы 1930 жылғы 10 маусымдағы № 29 Конвенциясы [3] тікелей рұқсат берген. Аталмыш Конвенцияның 1-бабында осы Конвенцияның мақсаттары үшін «мәжбүрлі немесе міндетті еңбек» термині кез келген жазалау қауіпі бар тұлғадан жұмысты немесе еңбек етуді талап ететінін білдіреді. Бұл жерде бастысы мұндай еңбекті адам (сотталған) өз еркімен, ерікті түрде ұсынбаған болуы тиіс деп бекіткен. Дегенмен Конвенцияның 2-бабының 2-тармағының с)-бөлігінде *«мәжбүрлі немесе міндетті еңбек ұғымы мақсаттары»* деп сот органының шешімімен шығарылған үкімнің салдарынан қандай да бір адамнан талап етілетін кез келген жұмысқа немесе еңбекке тарту, бұл жұмыс немесе қызмет мемлекеттік биліктің қадағалауымен және бақылауымен жүргізілетін және сотталған адам жеке тұлғалардың, компаниялардың немесе қоғамдардың билігіне берілмейтін немесе берілмейтін жағдайда тартылатын жағдайлар кірмейді» деп белгіленген.

Бостандығынан айырылғандарды ауыр жұмысқа тарту әлемнің кейбір елдерінде әлі де бар. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды еңбектің ауыр жағдайларына тартумен ұштасқан түрі Гаити, Доминикан Республикасы, Мавритания, Мадагаскар, Мали, Солтүстік Корея Республикасы, Сенегал және Шри-Ланка секілді мемлекеттердің заңдарында көп қолданылуымен ерекшеленеді. Бұрынғы британдық колонияларда (Бангладеш, Замбия, Үндістан, Кения, Пәкістан т.б. елдерде) «қарапайым» және «қатаң» түрме жазасы ажыратылады; қатаң түрме жағдайындағы тұтқындар ауыр еңбекке тартылатыны да жасырын емес.

Түрмедегілердің еңбегін қолданудың шыңы КСРО заманында болды, бірақ бұл бірден бола қойған жоқ. Индустрияландырудың басталуымен қатар кеңестік атқарушылық пенитенциарлық жүйеде түрлі реформалар жүргізіле бастады. Жазасы үш жылдан асқан тұтқын сотталғандар мәжбүрлі еңбек лагерьлеріне жіберілуі тиіс еді. Лагерьлер бас басқармасы (ГУЛАГ) осылай дүниеге келді. Жүйеде тұтқындардың саны жыл емес, күн санап өсті, ал 1953 жылға қарай 2,6 миллион адам темір тордың артында қалды.

Лагерь жүйесін құрудың негізгі мотиві экономикалық болды: тез индустрияландыру және шалғай аумақтарды дамыту үшін жаңа үкіметке жұмысшылар жетіспеді. Тұтқындар стратегиялық еңбек көзі ретінде қарастырылды. Сотталғандар Ақ теңіз-Балтық каналы, Мәскеу каналы мен Ленин атындағы Волга-Дон каналының құрылысында жұмыс істеді, металлургиялық кәсіпорындарды (Норильск, Челябинск) салды. Темір жолдар (Трансполярлық, Кола, Сібір және т.б.) мен қала құрылысына да тартылды (Мәскеудегі Сталин заманындағы зәулім ғимараттары мен т.б. сарайлар).

Сотталғандар тау-кен өнеркәсібінде өте үлкен рөл атқарды: еңбек лагері мекемелері елдің алтынының 100 пайызын, қалайының 70 пайызын және никельдің 30 пайызын өндірді.

Миллиондаған адамды заңсыз түрмеге тоғытқан, репрессияның құрбаны еткен, құлша жұмсап, аш-жалаңаш қою түбінде тиімсіз болып, 1960 жылдары ГУЛАГ жүйесі жабылды. Аңырап қалған ел экономикасы даму орнына құлдырап, артқа кеткені тарих қойнауына сүңгіп қана қоймай, сотталғандарды қанау, ақысыз еңбек пен тамақсыз қалдырудың жан түршігерлік парақтарын жазуға алып келді.

Қазақстан Республикасының жаза түрлері көрсетілген Заңында (Қылмыстық кодексіңде) бостандығынан айыру түріндегі жазаның мерзімі 6 айдан 15 жылға дейін, аса ауыр қылмыс жасаған жағдайда 20 жылға дейін не шектеусіз, өмір бойына созылатындығын бекітсе, қылмыстар жиынтығында 25 жыл, үкімдер жиынтығында 30 жылдан аспайтынын бекіткен.

Бостандықтағы адамдар еңбек ету немесе етпеу жағын, кәсіп түрін, еңбек жағдайын еркін түрде шешеді. Ал қамаудағылар мекеме әкімшілігі белгілеген еңбекті заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда еңбек заңнамасына сәйкес атқаруға тиісті; Еңбектен босататын заңда белгілеген жағдайларға Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 69-бабына сәйкес «Сотталған I немесе II топтағы мүгедек деп танылса, мекеме әкімшілігі комиссиясы шешімімен сотқа оны мәжбүрлі еңбектен босату туралы, ал сотталған адам жүкті болған жағдайда — жазасын өтеуін кейінге қалдыру туралы» ұсыныс жібереді. Қылмыстық-атқару заңының өзі мәжбүрлі еңбек ұғымын қолданудан бас тартпаған.

Сотталғандардың негізгі құқықтары ретінде қауіпсіз еңбек жағдайына, тынығуға, демалыс жағдайына, жалақы алуға қамсыздандырылуға құқылы. Сотталғандарды ақы төленетін жұмыстарға

тарту үшін жұмыс орындарын құру міндеті мекеме әкімшілігіне жүктелген (ҚР ҚАК 119-бабы). Мекеме әкімшілігі сотталғандардың жынысын, жасын, денсаулығын, еңбек қабілетін жұмысқа орналастыру кезінде ескеруге міндетті. Ал мамандығы мен жаза өтеу кезінде белгілі бір салада мамандық алуын мүмкіндігіне қарай ескереді.

Демек, мекеме әкімшілігі осындай ұзақ уақыт аралығында сотталғанның уақытын пайдалы іспен айналысуға ынталандыру арқылы оның белгілі бір салада маман болып шығуына мүдделі болады деп айта аламыз. Себебі «Еңбек бәрін жеңбек», «Еңбек түбі — береке» деп дана халқымыз еңбек арқылы көптеген қиындықтардан шығудың мүмкіндіктерін көрсетіп берген. Еңбек етпеген адам тек бостандықта ғана емес, тар қапаста да өзін жоғалтып алуы мүмкін, түрмедегі қолы бос, жалқау адам, айналасына пайда әкеліп, жазасын атқару орнына пенитенциарлық мекемеде жүріп те қайталап қылмыс жасауы мүмкін.

Мекеме әкімшілігінің берген мінез-құлығы сипаттамасында сотталғанның еңбекке деген қатынасы жайлы мәліметтер енгізіледі және ол мәліметтер сотталған адамды мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың негіздемесіне алынуы мүмкін. Яғни сотталған өзінің еңбекке деген адал қатынасын көрсетіп, жағымды мінез-құлқын көрсете білсе, мекеме әкімшілігі түзеуде қолданатын құралдардың біріне қол жеткізді деп есептеуге мүмкіндік береді.

Оларды қылмыстық-атқару жүйесіне кірмейтін ұйымдардағы объектілерде еңбекке тарту үш жақты келісім-шарт: мекеме әкімшілігі, кәсіпорын мен сотталған адам арасындағы шарт негізінде жүзеге асырылады. Сотталғандарға бостандығынан айыру жазасын өтеу барысында мекеме аумағында жеке еңбекпен айналысуға құқық та берілген.

Қазіргі уақытта сотталғандарды еңбекке тарту қылмыстық-атқару жүйесіндегі өндірістік-шаруашылық қызметтің жетіспеушілігіне байланысты әр түрлілікті, сотталғандардың таңдау құқығын қамтамасыз етуге жеткіліксіздігі аңғарылады. Мекемелер аумағында өндірістік-шаруашылық қызметтердің әр түрін ұйымдастыру да оңай болмасы анық.

Бұл бағытта елімізде қылмыстық атқару жүйесін модернизациялау процесі жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті ҚАЖ кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық қызметін жақсартуға және сотталғандарды барынша жұмысқа орналастыру үшін қосымша жұмыс орындарын құруға бағытталған бірқатар шараларды қабылдауда.

Ресей Федерациясы сотталғандарды тек түрме аумағындағы мекемелерде еңбек етумен қамтамасыз ететінін (РФ Қылмыстық атқару кодексі, 74-бабының 7-бөлігі) заң жүзінде бекітсе, біздің елімізде мекеме аумағынан тыс, алайда күзетілетін арнайы оқшауланған кәсіпорындарда еңбек жағдайларын ұйымдастыруға тыйым салынбаған.

Бұл үшін қылмыстық-атқару жүйесінің осындай өзгерістерге жалпы объективті дайындығы қажет. Атап айтқанда, жұмыс орындарының санын арттыру қажет, түзеу мекемелерінің аумағында жаңа ұйымдар құру немесе жер учаскелерін беру, учаскелер мен өндірістік қуаттарды кеңейту арқылы экономиканың коммерциялық секторын пайдалану мүмкіндіктері қарастырылуда.

Қазақстан Республикасындағы бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебіндегі азаматтарды әлеуметтік жағынан оңалтудың 2017–2019 жылдарға арналған (Авт.: кейінгі жылдардағы құжат табылмады, бұл стратегияның күшін жою туралы мәлімет *әділет.кз* базасынан табылмады) кешенді стратегиясы аясында шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері ынтымақтастыққа тартылуда. ҚАЖ мекемелерінің іске қосылмаған өндірістік алаңдарында жаңа өндірістер ашқысы келетін кәсіпкерлік субъектілері «Өнімділік – 2020», «Экспорттаушы – 2020», «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламаларында көзделген кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдаудың құралдарын пайдаланып, олардың саны артуда.

ҚАЖ комитетінің веб-сайтында «Колониялардағы жұмыспен қамсыздандыру» блогы ашылды. Ол жерде ҚАЖ кәсіпорындарында қосымша тапсырыстар орналастыруға мүмкіндік беретін: қамаудағыларға арналған 100 іс-шара; жұмыспен қамту жобасы; қамаудағылардың табыс тарихы; қамаудағылардың тауарлары мен қызметтерінің виртуалды жәрмеңке-көрмесі; 1000 бизнес-идея секілді жобалар орналастырылады.

Ағымдағы жылдың басынан бастап бұрын іске қосылмаған өндірістік алаңдар 185 субъектіге сенімгерлік басқаруға берілді. Құрылыс материалдарын, халық тұтынатын тауарларды, тігін бұйымдарын өндіру, металдан бұйымдар жасау, мал шаруашылығын өсіру және т.б. салаларда кәсіпкерлік субъектілері ҚАЖ мекемелерімен келісім жасап, нәтижесінде 2500-ден астам сотталған

адамдарды қосымша жұмысқа орналастыруға мүмкіндік туындады [4]. Сотталғандар мен мекеме және кәсіпорын тарапынан үш жақты шарттар жасасудың заңдық негіздемесі пайда болды.

Еңбек келісімшарттарын пайдалану перспективаларын, біздің ойымызша, келісім жасасқан сотталғандар үшін артықшылықтармен байланыстырған жөн: олардың оң мотивациялық сипатын күшейту және ерікті жұмысқа деген ынтаны ынталандыру тұрғысында тиімді болмақ.

Нәтижесінде сотталғандар еңбекке ынталандыру құралдарымен қамтамасыз етіліп, қоғамға пайдалы еңбек етіп қана қоймай, мотивациялық қозғаушы күшке айналып, өз еңбектеріне ақы алып, қажеттіліктері үшін жұмсай алады. Сонымен қатар олар бостандыққа шыққаннан кейін қоғамның бір бөлшегі болып қалыптасуына, табыс тауып, қоғамға жылдам сіңісіп кетуі үшін ұсынылатын жұмыстар арқылы мемлекет тарапынан қолдауға ие болып отыр.

Түрмедегілер еңбегін әлем елдері ішінде кешенді жолға қойған елдердің арасында АҚШ көш бастап тұр деуге болады. Нағыз «түрме-өнеркәсіптік кешенге» айналған әйгілі UNICOR-дың табысы 2019 жылы жарты миллиард доллардан асыпты. Бостандығынан айырылған сотталғандар (олардың көпшілігі соттардың шешімімен сайлау және басқа құқықтарға ие емес) түрмедегі еңбектері үшін — сағатына 23 центтен, яғни 1,15 долларға дейін тиын алып отыр. Салыстыру үшін: 2021 жылы АҚШ Еңбек департаменті белгілеген ең төменгі жалақы — 7,25 доллар, ал федералды қызметкерлер үшін — сағатына 10,95 доллар. Іс жүзінде түрмедегі ақысыз еңбек американдық пенитенциарлық жүйені он есе пайда табу үшін алтын кенішке айналдырып отырғаны аңғарылады.

Федералды түрме өнеркәсібі (FPI — қазіргі UNICOR бренді) 1934 жылы президент Франклин Д. Рузвельтпен құрылған. 1935 жылдың 1 қаңтарында FPI ресми түрде Америка Құрама Штаттарының үкіметіне тиесілі корпорация ретінде жұмысын бастады. Бағдарлама құрылғаннан бері 80 жыл өтсе де салық төлеуден босатылған және қауіпсіз түрмелер құрып, сотталғандар арасында қайталанатын қылмысты азайту арқылы бүкіл елге пайда әкеліп отыр. Осы жүйе көптеген елдердің сотталғандар еңбегін пайдалануға деген қызығушылығын туындатып отыр.

Америка Құрама Штаттарындағы жеке меншік нысанындағы түрмелер тұтқындарды ұстауды таза бизнес ретінде қарастырады деген ақпар да бар. Мұнда тұтқынның жалақысы сағатына 86 цент пен 3,45 доллар аралығында (Салыстыру үшін: АҚШ Еңбек департаменті белгілеген ең төменгі жалақы 2021 жылы 7,25, ал федералды қызметкерлер үшін сағатына 10,95 долларды құрайды).

Алайда, американдық сотталғандардың көпшілігі үшін мұндай тиын — туыстарына қоңырау шалу немесе түрме дүкенінен бірдеңе сатып алудың жалғыз мүмкіндігі. Сонымен қатар, сотталғандардың барлығының дерлік (статистика бойынша, олардың көпшілігі қара торы өңді адамдар) сот төлейтін айыппұлдарды төлейді. Мұның бәрі АҚШ-та темір тордың ар жағында отырған адамдарды кез келген жұмысқа кірісуге ынталандырады.

Бір ғана АҚШ-қа қатысты бұл мысалдан біз еркін адамдар (бостандықтағы) мен түрмедегілердің еңбегіне ақы төлеудегі айырмашылықтарды, бизнес құрылымдар үшін арзан жұмыс күшінің тиімділігін ғана байқап қоймай, еңбек ету ұзақтығында да ерекшелік болатынын түсіндік.

Неміс түрмелері сотталғандарға жеке компанияларда сағатына 1–3 еуро төлеуге рұқсат береді. Германияда сотталғандарға сағаттық ең төменгі жалақы 9,60 еуроны құрайды. Құқық қорғаушылар бұл жағдайды Deutsche Wirtschafts Nachrichten, CORRECTIV тәуелсіз зерттеу тобына сілтеме жасап «таза қанау» деп атайды, деп жазады [5].

Түрмедегі еңбек бүкіл әлемде белсенді қолданылады. Сотталғандар әскерилерге киім тігеді, электроника мен жиһаз жинайды, төсек жапқыштар, медициналық киімдер, спортшылар мен құрылысшылардың каска секілді бас киімдері, киімдерді айрықшаландыратын белгілер, жол қауіпсіздік белгілері, қағаз бұйымдар, резеңке мен пластиктен жасалатын бұйымдар т.б. өндіріс орындарын мекеме аумағында немесе мекеме аумағына жақын орналасқан жерлерде ұйымдастыру мүмкіндіктері көптеген елдерде жолға қойылған.

Бұл тек елдердің бюджетіне ғана емес, жеке компанияларға да пайда әкеледі. Сотталғандардың еңбегін пайдалану жыл сайын Ресейге миллиардтаған рубль әкеледі, ал ел сотталғандардың өздеріне Еуропадағыға қарағанда ондаған есе аз жұмсайды. Билік тұтқындарды жұмысшылардың жетіспеушілігі мен коронавирустық пандемияға байланысты мигранттардың кетуі аясында мегақұрылымдарда жұмыс істеуге тарту туралы ойлануда. Алайда сотталғандар арасында қылмыстылықтың өршіп кету қаупіне байланысты тоқтатып отырған жайы бар.

Теория мен практика мәселелерін талдай келе, сотталғандар еңбегінің құл еңбегіне айналуын болдырмау бағында шаралар әлі де процесс үстінде.

Ғылыми әдебиеттерде сотталғандар еңбегінің белгілерін ажыратуға ұмтылыс жасалған. Мысалы, Л.Г. Крахмальник сотталғандар еңбегінің үш негізгі айырмашылығын бөліп көрсетті:

1) сотталғандардың еңбегі заң тұрғысынан ерікті еңбек болып табылмайды;

2) сотталғандарды еңбекке тартудың мақсаттарында айырмашылық бар, атап айтқанда, оларды жұмысқа енгізудің негізгі мақсаты — сотталғанды түзету мен қайта тәрбиелеу мақсаты болып табылатынын;

3) сотталғандарды жұмысқа тарту жағдайында қаралау, жапа шектіру жоқ [6: 12], — деп көрсеткен.

Кейінгі кезеңде бостандығынан айыру орындарында сотталғандардың еңбегі мына ерекшеліктермен сипатталды:

1) сотталғанда түзету, экономикалық, сауықтыру және сублимациялық (қоғамға пайдалылық) мақсаттарының болуы;

2) сотталғандарға арналған ақылы еңбекті тек қана мемлекеттік кәсіпорындар негізінен ұйымдастыру;

3) міндетті, бірақ мәжбүрлі емес еңбек етумен ерекшеленеді десе [7: 49];

Сондай-ақ, сотталғандардың еңбегі жазаға жатпайды, бірақ жазалау сипатына ие болуын жоққа шығаруға болмайды, – деп қосқандар да бар [8: 81].

Заманауи ғылыми әдебиеттерде сотталғандардың еңбегі келесідей қарастырылады:

1) сотталғандарды түзеу құралдары ретінде;

2) нарықтық экономика жағдайындағы қоғам мен түзеу институттарының экономикалық мәселелерін шешу құралдары (еңбекке қабілетті сотталғандарға қатысты);

3) еңбекке қабілеттілігі шектеулі және науқастарға қатысты сауықтыру және денсаулығын нығайту құралдары ретінде;

4) сотталғандарды түзеу мекемелерінде және жазадан босатылғаннан кейін оларға бостандықта қажетті мамандықтарға оқуға тарту құралдары ретінде [9: 5].

#### Нәтиже

Біз осы зерттеу нәтижесінде бостандығынан айыру түріндегі жазаға тартылған сотталғандардың еңбегінің келесідей белгілерін көрсетеміз және сипаттамасын береміз:

1) *Сотталғандар еңбегі бостандықта жүрген адамдардың еңбегіне қарағанда міндеттілік сипатқа ие.* Олар өз еріктерімен еңбек шартын жасаса алмайды, мекеме әкімшілігі ұйымдастырған жұмыстарда немесе өзге кәсіпорындарда тиісті күзет жүйесімен қамсыздандырылған жағдайда жол беріледі;

2) *Сотталғандар еңбегіне ақы алуы заңмен бекітілген.* Қазақстан Республикасының Еңбек кодекsinде сотталғандардың негізгі құқықтары қатарында олардың қауіпсіз еңбек жағдайына, тынығуына, демалыс алуына, сондай-ақ істеген еңбегіне тиісті ақы төлемін алуға құқығы бар деп белгіленген. Сотталғандарды ақы төленетін жұмыстарға тарту үшін жұмыс орындарын құру міндеті мекеме әкімшілігіне жүктелген (ҚР ҚАК 119-бабы);

3) *Экономикалық теория тұрғысынан алғанда сотталғандардың еңбегі бостандықтағы адамдардың еңбегіне пара-пар.* Еркін немесе қоғамнан оқшау болуына қарамастан, еңбек шарты жасалғаннан кейін әрбір қызметкер өз міндеттеріне адал қарауы, тиісті дәрежеде қызметін жүзеге асыруы міндеттеледі және қызметкердің басшысы секілді мекеме әкімшілігінің басшысы сотталған қызметкер тарапынан еңбектік міндеттерінің орындалуын талап етуге құқығы бар;

4) *Сотталғандардың еңбегі ең алдымен оны түзетудің құралдарының бірі болып табылады.* Халықаралық құжаттарға сәйкес сотталғанның істеген еңбегіне ақы алуы экономикалық мақсатты емес, оның қылмыс жасағаннан кейін түзеліп бостандыққа шыққанда белгілі бір кәсіпке бейімделуін мақсат етеді;

5) *Сотталғандардың еңбегі жазалау (қаралау) емес, жазамен қосылған сотталғанды түзету құралдарының бірі.* Еңбек сотталған адамның мінез-құлқын жақсы жаққа өзгертуге, оның бойында адалдық, еңбексүйгіштік, тәртіпке бойұсыну, қызметтестерінің жұмысына кедергі келтірмеу сияқты қасиеттерді сіңіріп қана қоймай, жаза өтеу мерзімі аяқталғаннан кейін қоғамға қажетті мамандықтар бойынша жылдам жұмысқа орналасуға мүмкіндіктер беруге арналған;

6) *Сотталғандардың еңбегі міндеттілік сипатқа ие.* Бостандығынан айыруға сотталғандар еңбек заңына сәйкес жұмыс барысында қандай да бір жазатайым оқиғалар орын алған кезді

есептемегенде, еңбек жағдайларын жақсарту үшін ереуілге шығып, жұмысты тоқтатуына Еңбек кодексімен тыйым салынған;

7) Бас бостандығынан айыру орындарында және сот үкімі бойынша еңбекке тартылған адамдардың еңбек етуі барысында авариялар, дүлей зілзала салдарын жою бойынша, адам өмірін және мүлікті құтқару жөніндегі еріктілер мүшелері қатарында болуы еңбек қызметіне байланысты және еңбекке қабілетсіздігіне не қайтыс болуына әкеп соққан денсаулығының зақымдану жағдайлары еңбек заңына сәйкес жазатайым оқиғалар ретінде тергеп-тексерілуі тиіс [10: 96].

Аталған белгілер көмегімен сотталған еңбегі мен қарапайым азаматтар еңбегінің айырмашылықтары мен сотталғандар еңбегін барынша кейінгілердің еңбегіне жақындатуға мүмкіндіктер аламыз.

### *Қорытынды*

Жоғарыда айтылғандар негізінде қылмыстық атқару жүйесінде біз сотталғандардың еңбегін ең алдымен оларды түзеуге және экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған тиімді құралдардың бірі ретінде қарастыруымыз керек. Бостандығынан айыруға, сотталғандардың еңбегіне халықаралық құжаттармен рұқсат етілген. Сотталғандардың ұзақ уақыт бойы мекемелерде жаза атқаруы, яғни еліміздегі жазаны өтеудің қалыптасқан жүйесі оның отбасылық, туыстық байланыстарын әлсіретіп қана қоймай, сотталғандарға өз ресурстарын ұтымды және дұрыс пайдалану және бостандықтағы әртүрлі өмірлік жағдайларда барабар шешімдер қабылдау дағдыларын жоғалтуына ықпалын тигізеді. Еңбек арқылы сотталғандар мекемеде болу уақытында әлеуметтік құндылықтар, соның ішінде еңбектің құндылығы, жауапкершілік және басқаларды құрметтеу және бірлесіп қызмет етуді үйретеді. Сотталғандардың көпшілігі оқу-білім алып, бұрын білмеген кәсіпті меңгеріп, белгілі бір салада маман иесі болып шығуына жағдай жасалған. Тіпті кейбіреуінің еңбегі арқасында бұрын ешқашан ие болмаған бағалау мен абыройға ие болуы да ғажап емес.

Мекемелерден босатылғаннан кейін адамды әлеуметтік ортаға бейімдеу, әрі қарай сүйемелдеу, оны қоғамға толық қайтару тетігінің тиімділігі, бастапқы кезеңде туындаған әлеуметтік-құқықтық проблемаларды шешуге жәрдемдесуде алған мамандықтары мен дағдылары айрықша мәнге ие болатыны да сондықтан.

Бұл күрделі мәселеде тек еліміздің қылмыстық атқару жүйесі ғана емес, барлық уәкілетті мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар бірлесіп, кешенді ынтымақтастық орнатуы тиіс. Қылмыстық атқару заңнамасында белгіленген сотталғандардың еңбегі императивтік норма болғанына қарамастан, сотталғандардың еңбегінің қоғамға пайдалы болуын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешенін одан әрі жалғастыра түсуі тиіс. Сотталғандардың еңбегінің құлдыққа айналуына жол бермеу керек: олар мегажобаларда тек өз еркімен және лайықты ақшаға жұмыс істеуі керек. Ол үшін түрме жүйесін модернизациялау жұмыстарын әлі де жалғастыра түсу қажет, тарихтағы ГУЛАГ, КАРЛАГ секілді қателіктер ендігі уақытта қайта оралмауы үшін қазіргі ұрпақ бар күшін жұмсауы тиіс.

Ішкі еңбекті ұйымдастыру тұрғысынан қылмыстық-атқару жүйесіндегі диспозитивтік қағидаларды дамыту мақсатында көтермелеу мен ынталандыру әсеріне қол жеткізу үшін сотталғандармен шарттар жасасу практикасын жаппай енгізу, сондай-ақ өзге де мәселелер де мемлекеттік деңгейде Үкімет тарапынан әрі қарайғы қолдауды талап етеді. Бостандығынан айырылғандар «қоғам үшін қажетсіз болу» қаупінен арылуы тиіс.

*Аталған мақала «ҚР Үздік оқытушысы — 2020» гранты аясында орындалды.*

### *Әдебиеттер тізімі*

1 Материал из Википедии — свободной энциклопедии. Лишение свободы [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9B%D0%B8%D1%88%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5\\_%D1%81%D0%B2%D0%BE%D0%B1%D0%BE%D0%B4%D1%8B](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9B%D0%B8%D1%88%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5_%D1%81%D0%B2%D0%BE%D0%B1%D0%BE%D0%B4%D1%8B)

2 Минимальные стандартные правила Организации Объединенных Наций в отношении обращения с заключенными // UNODC: Управление ООН по наркотикам и преступности [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [https://www.unodc.org/documents/commissions/CCPCJ/CCPCJ\\_Sessions/CCPCJ\\_24/resolutions/L6\\_Rev1/ECN152015\\_L6Rev1\\_r\\_V1503587.pdf](https://www.unodc.org/documents/commissions/CCPCJ/CCPCJ_Sessions/CCPCJ_24/resolutions/L6_Rev1/ECN152015_L6Rev1_r_V1503587.pdf)

- 3 Конвенция о принудительном или обязательном труде [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [http://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---ed\\_norm/---normes/documents/normativeinstrument/wcms\\_c029\\_ru.htm](http://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---ed_norm/---normes/documents/normativeinstrument/wcms_c029_ru.htm)
- 4 Қазақстан Республикасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінде есепте тұрған азаматтарды әлеуметтік оңалтудың 2017–2019 жылдарға арналған кешенді стратегиясы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000387>
- 5 На каких условиях заключенных в разных странах привлекают к работе [Электронный ресурс] // Российская газета — Федеральный выпуск. № 121(8472). — Режим доступа: <https://rg.ru/2021/06/02/na-kakih-usloviiah-zakliuchennyh-v-raznyh-stranah-privlekauiut-k-rabote.html>
- 6 Крахмальник Л.Г. Труд заключенных и его правовое регулирование в СССР / Л.Г. Крахмальник. — Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 1963. — 261 с.
- 7 Зубков А.И. Теоретические вопросы правового регулирования труда осужденных в советских исправительно-трудовых учреждениях / А.И. Зубков. — Томск: Изд-во Том. ун-та, 1974. — С. 49.
- 8 Уткин В.А. Курс лекций по уголовно-исполнительному праву. Особенная часть / В.А. Уткин. — Томск: Изд-во Том. ун-та, 1995. — 187 с.
- 9 Гуцал Н.И. Правовое регулирование труда осужденных, отбывающих наказание в исправительных колониях: дис. ... канд. юрид. наук / Н.И. Гуцал. — М., 2007. — 227 с.
- 10 Әбдіжәми А.Ж. Қылмыстық атқару құқығы: оқу құралы / А.Ж. Әбдіжәми. — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2020. — 158 б.

А.Ж. Абдижами

## Труд осужденных к лишению свободы: обоснование и теоретические вопросы

Вопросы, связанные с отбыванием наказания в виде лишения свободы, требуют постоянного проведения научно-теоретических исследований. Это связано с тем, что наказание в виде лишения свободы установлено в качестве вида наказания законами многих стран мира. В результате опыт привлечения к труду лиц, осужденных при исполнении данного наказания, требует пристального внимания. В этой связи вопрос о том, является ли труд осужденных правом или обязанностью, является источником проведения многих исследований. Найти ответ на этот вопрос пытался и автор статьи, рассматривая проблему, исходя из важности выделения основных признаков труда осужденных. С помощью указанных признаков автором получена возможность максимально приблизить труд осужденных к труду граждан на свободе. При этом профессии, которые осваиваются при исполнении приговоров в учреждениях, должны быть не только общественно полезным делом, но и полезным после истечения срока отбывания наказания. С помощью методов исторической сопоставимости были изучены материалы об эффективности проводимой в стране модернизации уголовно-исполнительной системы в направлении сближения учреждений уголовно-исполнительной системы с требованиями низших международных стандартов содержания осужденных как путей отчуждения труда осужденных от таких категорий, как пытка, эксплуатация, рабский труд. При этом работа администраций учреждений по активизации работы производственно-хозяйственных предприятий должна стать гарантией максимального приближения труда осужденных к труду граждан на свободе. В заключение сделан вывод о том, что основные особенности работы осужденных позволяют рассматривать труд осужденных как императивную норму уголовно-исполнительного права, а работы, проводимые в рамках государственно-частного партнерства, позволяют изучать его как право осужденных на свободу выбора вида труда.

*Ключевые слова:* уголовное право, уголовно-исполнительное право, наказание, система наказаний, лишение свободы, исполнение наказания в виде лишения свободы, осужденные, правовое регулирование труда, труд осужденных.

A.Zh. Abdizhami

## Labor of persons sentenced to imprisonment: justification and theoretical issues

Issues related to serving a sentence in the form of imprisonment require constant scientific and theoretical research. This is due to the fact that the punishment in the form of imprisonment is established as a type of punishment by the laws of many countries of the world. There is experience in attracting persons convicted in the execution of this punishment to work. In this regard, the question of whether the work of convicts is a right or an obligation is the source of many studies. The author of the article also tried to find an answer to this question, considering the problem based on the importance of highlighting the main signs of convict labor. With the help of these signs, we get the opportunity to bring the work of convicts as close as possible to the work of citizens at liberty. At the same time, professions that are mastered during the execution of sentences in institutions should be not only socially useful, but also useful after the expiration of the sentence. Historical comparability methods have been applied in order to study the effectiveness of the modernization

of the penitentiary system in the country in the direction of bringing the institutions of the penitentiary system closer to the requirements of the lowest international standards for the detention of convicts as ways of alienating the labor of convicts from such categories as torture, exploitation, slave labor. Concurrently, the work of the administration of the institution to activate the work of production and economic enterprises should be a guarantee of maximum convergence of the labor of convicted persons with the labor of freed persons. In conclusion, the work of convicts is considered as an imperative norm of criminal executive law, and the work carried out within the framework of a public–private partnership allows to analyze it as the right of convicts to the freedom to choose the type of work.

*Keywords:* criminal law, penal enforcement law, punishment, system of punishments, deprivation of liberty, execution of punishment in the form of deprivation of liberty, convicts, legal regulation of labor, labor of convicts.

## References

- 1 Material iz Vikipedii — svobodnoi entsiklopedii. Lishenie svobody [Material from Wikipedia, a free encyclopedia. Deprivation of liberty]. *ru.wikipedia.org*. Retrieved from [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9B%D0%B8%D1%88%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5\\_%D1%81%D0%B2%D0%BE%D0%B1%D0%BE%D0%B4%D1%8B](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9B%D0%B8%D1%88%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5_%D1%81%D0%B2%D0%BE%D0%B1%D0%BE%D0%B4%D1%8B) [in Russian].
- 2 Minimalnye standartnye pravila Organizatsii Obedinennykh Natsii v otnoshenii obrashcheniia s zakliuchennymi UNODC: Upravlenie OON po narkotikam i prestupnosti [United Nations Organization’s Standard Minimum Rules for the Treatment of Prisoners. UNODC: United Nations Office on Drugs and Crime]. *unodc.org*. Retrieved from [https://www.unodc.org/documents/commissions/CCPCJ/CCPCJ\\_Sessions/CCPCJ\\_24/resolutions/L6\\_Rev1/ECN152015\\_L6Rev1\\_r\\_V1503587.pdf](https://www.unodc.org/documents/commissions/CCPCJ/CCPCJ_Sessions/CCPCJ_24/resolutions/L6_Rev1/ECN152015_L6Rev1_r_V1503587.pdf) [in Russian].
- 3 Konventsiia o prinuditelnom ili obiazatelnom trude [Convention on Forced or Compulsory Labour]. *ilo.org*. Retrieved from [http://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---ed\\_norm/---normes/documents/normativeinstrument/wcms\\_c029\\_ru.htm](http://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---ed_norm/---normes/documents/normativeinstrument/wcms_c029_ru.htm) [in Russian].
- 4 Qazaqstan Respublikasyndagy bas bostandygynan aiuru oryndarynan bosatylgan zhane probatsiia qyzmetinde esepete turgan azamattardy aleumettik onaltudyn 2017–2019 zhyldarga arналган keshendi strategiiasy [On approval of a Comprehensive strategy for the Social Rehabilitation of citizens released from prison and registered with the Probation Service in the Republic of Kazakhstan for 2017–2019]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000387> [in Kazakh].
- 5 Na kakikh usloviakh zakliuchennykh v raznykh stranakh privlekaiut k rabote. Rossiiskaia gazeta — Federalnyi vypusk № 121 (8472) [Under what conditions prisoners in different countries are attracted to work. Rossiyskaya Gazeta — Federal Issue No. 121 (8472)]. *rg.ru*. Retrieved from <https://rg.ru/2021/06/02/na-kakih-usloviiah-zakliuchennykh-v-raznyh-stranah-privlekaiut-k-rabote.html> [in Russian].
- 6 Krakhmalnik, L.G. (1963). Trud zakliuchennykh i ego pravovoe regulirovanie v SSSR [Prisoners' labor and its legal regulation in the USSR]. Saratov: Izdatelstvo Saratovskogo universiteta [in Russian].
- 7 Zubkov, A.I. (1974). *Teoreticheskie voprosy pravovogo regulirovaniia truda osuzhdennykh v sovetskikh ispravitelno-trudovykh uchrezhdeniiah* [Theoretical issues of legal regulation of labor of convicts in Soviet correctional labor institutions]. Tomsk: Izdatelstvo Tomskogo universiteta [in Russian].
- 8 Utkin, V.A. (1995). *Kurs lektsii po ugovolno-ispolnitelnomu pravu. Osobennaia chast* [Course of lectures on penal enforcement law. The special part]. Tomsk: Izdatelstvo Tomskogo universiteta [in Russian].
- 9 Gucal, N.I. (2007). Pravovoe regulirovanie truda osuzhdennykh, otbyvaiushchikh nakazanie v ispravitelnykh koloniiakh [Legal regulation of labor of convicts serving sentences in correctional colonies]. *Candidate's thesis*. Moscow [in Russian].
- 10 Abdizhami, A.Zh. (2020). *Qylmystyq atqaru quqygy* [Penal enforcement law]. Qaragandy: Bolashak-Baspa [in Kazakh].